

Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 343 шешімі және Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 17 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қаңтарда № 5309 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес және аудандық өкілді және атқарушы органдардың пікірін ескере отырып, Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Барлық тұрғындардың қоныс аударуына байланысты Қамысты ауданы Бестөбе ауылдық округінің Қоянды ауылы таратылсын.

2. Тұрғындарының саны 50 адамнан кем мына елді мекендер таратылсын:

Қамысты ауданы Орқаш ауылдық округінің Тауықсор ауылы;

Қамысты ауданы Горький ауылдық округінің Целинное ауылы;

Қамысты ауданы Свободный ауылдық округінің Попович ауылы;

Қамысты ауданы Бестөбе ауылдық округінің Оразқопа ауылы;

Меңдіқара ауданы Введен ауылдық округінің Милютинка ауылы;

3. Таратылған елді мекендер енгізілсін:

Тауықсор ауылы Қамысты ауданы Орқаш ауылдық округінің Орқаш ауылының құрамына ;

Целинное ауылы Қамысты ауданы Горький ауылдық округінің Адаевка ауылының құрамына ;

Попович ауылы Қамысты ауданы Свободный ауылдық округінің Свободное ауылының құрамына ;

Оразқопа ауылы Қамысты ауданы Бестөбе ауылдық округінің Бестөбе ауылының құрамына ;

Милютинка ауылы Меңдіқара ауданы Введен ауылдық округінің Введенка ауылының құрамына .

Қ а й т а құрылсын :

Орқаш ауылдық округі Қамысты ауданының Орқаш ауылы болып;

Свободный ауылдық округі Қамысты ауданының Свободное ауылы болып;

Бестөбе ауылдық округі Қамысты ауданының Бестөбе ауылы болып;

Горький ауылдық округі Қамысты ауданының Адаевка ауылы болып.

4. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ о с т а н а й

облысының әкімі
Сессия төрайымы

Н. Садуақасов
Ә. Сауденова

мәслихатының хатшысы

Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ
С. Ещанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК